

Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 34/225 " Жаңаарқа аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2015 жылғы 26 маусымдағы ХІІ сессиясының № 41/284 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 3329 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 қазандағы № 17/138 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 10.10.2017 № 17/138 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі №34/225 " Жаңаарқа аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2800 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылы 24 қазанда, 2014 жылғы 25 қазандағы № 47-48 (9641-9642) "Жаңаарқа" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жаңаарқа аудандық мәслихатының Регламентінің мемлекеттік тілдегі 7-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

“7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.”.

Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
ХІІ сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б. Бекежанова
М.Абдишев*